

БАҚ БЕТТЕРІНДЕ ЖАРИЯЛАНҒАН МАҚАЛАЛАР

Ақжол газетінде Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Дүйсенәлі БЫҚЫБАЕВТЫҢ «Халық деген-өзіміз, өзіміз өзгермесек, өмір де өзгермейді» атты мақаласы жарық көрді.

Дүйсенәлі БЫҚЫБАЕВ, облыс әкімдігі мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы: «Халық деген-өзіміз, өзіміз өзгермесек, өмір де өзгермейді»

Дүйсенәлі Дыбысалыұлы, Сіз мәдениет саласында көп жылдан бері еңбек етіп келесіз. Бұл жағынан өмірлік тәжірибеңіз де, абырой-атағыңыз да баршылық. Ендеше, сұхбатымызды сондай зиялы азамат ретінде «бүгінгі туған өлкенің келбеті қандай?» деген сұрақтан бастасам деп отырмын.

– Сауалыңды осылай көтермелей бастадың, рахмет! Ол да дұрыс шығар, «Жақсы сөз – жарым ырыс» дейді ғой. Оның рас, 40 жылдан астам уақыт мәдениет, өнер, сондай-ақ, атқарушы билік саласында қызмет етіп келемін. Әрине, туған өлке қашанда ыстық қой! Менің азамат болып қалыптасуым тарихы да терең, тұрмысiршiлiгi де ата жолымен жалғасқан, өнер-мәдениетi де ұлттық болмыспен өрнектелген, киелi Құлан, Меркi жерлерiнде еңбек еткен жылдарыммен байланысты болды. Ал ары қарай азаматтық болмысым тарихы терең Тараз шаһарында еңбек ете жүрiп, еселенген шығар. Азды-көптi еңбек еттiк. Халықтың алдында маңдай термен бiршама жұмыстар атқарылды. Тарихтың алтын қазығы көне Тараздағы базарға айналып, аяқасты болып келген орынды тарихи қалпына келтiру жұмыстары, Қазақ хандығының 550 жылдығы, өңiрдегi тарихи орындардың жаңғыруы, тарихының зерделенуi, тарихи келбетiнiң жаңаруы кезiндегi облыс басшыларының қолдауымен бiздiң кезеңге бұйырыпты. Қала жаңарды, рухы көтерiлдi, еңсесi биiктедi, Сiздердiң де көз алдарыңызда тарихтың алтын бесiгiне айналды. Бұл жұмыстарды оп-оңай келе қалды деп ешкiм айта алмас, әрине. Ол мазмұнды ойдың, күндiз-түнi атқарылған қыруар еңбектiң нәтижесi екенiн көзi қарақты әрбiр азамат көрiп-бiлiп, зерделеп отырды ғой деп ойлаймын.

– Бабалардан келе жатқан осындай асыл дүниелердің бүгінгі күнгі жас ұрпаққа берері, өнегесі де ерекше болар. – Егемендік алғаннан бергі аралықта еліміздің қалыптасуында халық бірқатар қиыншылықты басынан өткізгені мәлім. Десек те, еліміздің басына қонған ең үлкен бағы – тәуелсіздік. Ал біздің мақсатымыз сол тәуелсіздіктің туын төмен түсірмей, ұрпақтан-ұрпаққа аманаттап отыру. Тәуелсіздігіміздің мәңгілік болуының басты шарты –

ауызбіршілік. Ұлы Абайдың «Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесен істің бәрі бос» дегенін бойтұмар етіп ұстауымыз керек. Міне, біздің ел болып, жұрт болып табан тірейтін қағида, осы болуы тиіс. Абай – дана. Ол тұтас ұлттың – рухы. Бала күнімде нағашы ағам М.Әуезовтің «Абай жолы» деген қалың екі томдық кітабын алып келді. Үйдің үлкені – мен. Ептеп ес біліп, әдеби кітаптарды оқи бастаған кезім. Апта ма, ай ма, әйтеуір, сол кітапты оқып шықтым. Сол шығармадағы біз құралпы Абайдың өмірін бейнелейтін бірінші кітабы түсінікті болды-ау деймін, есімде қалды. Екінші кітабы сол кездегі менің ұғымыма түсініксіздеу болса керек, көп нәрсесін есіме ұстай алмаппын. Оны кейін, жас ұлғая келе қайталап оқыған кезде ғана барып білдік қой. Әлі күнге Абай өлеңдері мен қара сөздерін бір оқып қоятыным бар. Өмірде сені бір қынжылтқан, күйіндірген, сүйіндірген сәттердің жауабын сол жерден тауып қайран қаласың. «Түу! Дәл осы жайды Абай қалай тауып, нақ айтып қойған?!» деп таңқаласың. Бүкіл дүние Абайда тұр. Қазақ үшін, тіпті, мемлекетіміз үшін басты идеология ретінде ұстауға болатын дүние. Президентіміз Қ.Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында Абайды ерекшелееуінде де осындай бір арман жатқан жоқ па екен деген де ой келеді еріксіз. Абай – тұнып тұрған пәлсапа, тұнып тұрған тәрбие. Ұлттық болмыстың тірегі, адамдықтың ұстыны. Жаңа өркениет әлеміне қазақ болып барамыз десек, ұрпақ Абайға бет бұруы керек деп ойлаймын.

– Идеология деп қалдыңыз. Соңғы кезде әлеуметтік желілерде ұлтқа, мемлекет басқару ісіне, өңірдегі рухани, әлеуметтік жағдайларға байланысты кереғар әңгімелер, ұшқары пікірлер орын алып жатқанының куәсі болып қаламыз. Бұған не дейсіз? Әлде бізде сол идеология жағы кемшін бе?

– Иә, заман демей-ақ қояйын, бүгінгі уақыттың жаңару, ақпарат алмасу технологиясының даму жылдамдығы – жақсылығымен бірге кейбір келеңсіз жағдайларды да өзімен бірге ала келді. Алайда бұл да уақыттың бір өтпелі құбылысы шығар. Әркім өз пікірін, ойын ашық айтуы керек. Бірақ кейде сол пікірлердің ішінен мәні, мағынасы жоқ отбасыошаққасы әңгімелерді қаузап, тіпті, билікке, одан қалды бір-біріне ауыр-ауыр сөздер айтып жатқандардың жазбаларын оқып қалып қынжыламын. Өмірдің бәрі тек жағымсыз, көлеңкелі көріністерден тұрмайды ғой. Қазақ даналығы мұндайды «тырнақ астынан кір іздеу» дейтін шығар. «Болар елдің балалары бірін-бірі батырым дейді...» дегені және бар. Тек жамандықты теріп, кемшілікті көріп, жерден жеті қоян тапқандай бір-біріміздің сағымызды сындыру үшін «түймедейді түйедей етіп» көрсетуге жан салу, әйтеуір, мәдениетті кісінің ісі емес екені анық. Қоғамда қаншама мәселелер бар, бүгінгі күннің шеңберінде қарасаң қаншама жұмыстар іске асты. Оның ішінде рухани салада атқарылған жұмыстар қаншама? Соны еліміздің, облыстың басшылары, бастамашы болып атқармағанда, кім атқарды?

Біздің халық негізі сөзге тоқтаған, даланың заңына бағынған, бауырмал, қиындықты бірігіп жеңген халық еді. Ауызды қу шөппен сүртіп зар-заманды орнатсақ артық болар, ол қасиеттер бүгінде де бар, түбірімен жоғалып кетсе біткеніміз. Бірақ осындай оқиғаларға басу айтып, қой дейтін зиялы қауым азайып бара жатыр ма деймін. Үлкендердің «Бізді кім тыңдайды дейсің, айтудай-ақ айтып келеміз», – деп енжарлық танытып, қоғамға итере салуы басым сияқты. Немесе бір келелі ой айтса әлеуметтік желіде «тисе – терекке, тимесе – бұтаққа» деп тарпа бас салатын кейбір әсіре белсенділіктен «қойшы, сол баламен бала боп, абыройымды жоғалтпай-ақ қояйын» дей ме, әйтеуір, үлкендер селсоқ. Осыған қарап тұрып кейде «үлкені тұрып кішісі сөйлегеннен без» деген емес пе бұл, деп қынжыласың.

Біздің халық талай зұлматты бастан кешкен. Отыз жетінші жылдарда да халқымыз өз ішінен шыққан осындай әсіре белсенділіктен жапа шеккен жоқ па? Бабалардың асыл қасиеттерін, аталы сөздерін бойына сіңіріп, содан сабақ алып отырмаған ұрпақ ертең қайда барады? Өзге ұлтқа еліктеп, көгермейтіні тағы анық. Сондықтан, бүгінгі ұрпақ үлкенін ұлықтап, аталы сөзге тоқтап, елдің келешегіне жұмыс атқаруы қажет. Өйткені терең білім, талап, адамдық биік парасатпен қана өсеміз. Ол Абай іліміндегі «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті – ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген пәлсапа. Мұны әрбір азамат білуі тиіс. Мені ойландыратыны өз қазағымыз бір нәтижеге жетсе «ойбай, ананың аты озып барады» деп, ит қосу, сөз қылу, ал өзге ұлттың өкілі тура сол істі жасай қалса, қалыпты жағдай ретінде қарау қай шеңберге сыяды?! Осыдан арылудың жолын қарап, рухани жағынан ойланып, әлеуметтік жадымызды жаңғыртуымыз керек сияқты.

– Біз ысырапшылдыққа жол беріп, даңғазалыққа түсіп кеткен жоқпыз ба?

– Иә, бұл мәселе де бар. Меңзеп отырғаның, кейінгі кезде әлеуметтік желілерде дау тудырып жатқан тойдуман мәселесі шығар. Той жасау, бабаларға ас беру, тағы да осы сынды кәделеріміз де атаққұмарлыққа салынып, Абай айтқан «босқа мал шашпаққа» ұласып кеткелі қа-ш-ан. Өткен жылы сол кездегі облыс әкімі Асқар Мырзахметов осы бағытта үндеу жасап, оның ережелері, баптары түзілгенін білерсіздер. Бұл өте орынды, дер кезінде көтерілген, бүгінгі күннің өзекті мәселесі еді. Иә, ол төңіректе біраз жұмыстар атқарылды да. Десе де, той туралы әлі де жұрттың көзқарасы өзгермей келеді. Бұл қоғам болып жолға қоятын мәселе. Той қума, ой қу дегенді де билік айтуы керек пе? Ол ұлтқа керек емес пе? Ал рулық көзқарас, атақ-даңқ қуу, даңғазалық, ысырапшылдық, өзінің руына, атасына көшенің атын беру, зәулім-зәулім кесенелер тұрғызу, ас беру сияқты таусылмайтын дүниешашу шаралары неге қажет? Онда сонау ХІХ ғасырға қайта атбасын бұрып, сол қоғамның жағдайымен өмір сүрейік. Қай қоғамда болмасын қалтасы қалыңдар да, тұрмысы нашарлар да болған, болады да. «Ал артық дүниенің болса, жетім-жесірлерге бер, сауап болады» дейді Құран Кәрімде.

Олай етпесең ауылдасыңа жұмыс болар, елге пайдасы тиер бір өнім шығаратын шағын өндіріс орнын аш. Қазіргі кезде мектеп, мекемелер алдындағы қалай болса солай бетоннан құйыла салған бюсттер – сол атак куудың куәсі. Ал ұлтымыздың дамуында, өркендеуінде орны бар, ұрпағы үшін отқа да, суға да түскен ұлы тұлғалардың орны бөлек, олар, әрине, естен шықпауы тиіс. Олардың құрметіне жасалған шаралар ұрпақ үшін керек.

– Өзіңіз айтқандай, әлеуметтік жадыны жаңғырту үшін не істеу керек?

– Халқымыздың әл-ауқаты жақсарып келеді. Сана оянды. Бізді бір-ақ атпен – қазақ дейді. Қазақ болып жаратылды, қазақ болып қаламыз. Қазақтың тұтастығы тек қазақтың қолында. Ұлт болып ұйысу ғана қазақты мұратқа жеткізеді. Өкінішке қарай бұл қасиеттерді ұмытып, қазақ бір-біріне тас лақтырып, өз қадір-қасиетін өздері кетірсе не болмақ?! Ертеңгі жас буынға не қалдырмақ? Ата-бабалар арманы осы ма еді? Елімізде өмір сүріп жатқан өзге ұлттардың жағдайы, тұрмысы қандай? Ойланып көрейікші бір сәт. «Неге Үкімет бермейді!» деп айқайлаймыз. Үкімет береді. Ел басына іс түскенде, аса қажет болғанда. Зейнеткерге, мүгедекке, көп балалы отбасыға. Ал жұмыс істеуге қабілеті бар, тепсе темір үзетін азаматтарды мемлекет асыруы керек пе? Бүгінгі күні жас ұрпақтың санасына «биліктің берекесі жоқ, халыққа жаны ашымайды, зиялылардың табанының бүрі жоқ, жағымпаз» деген ұғымды сыналап кіргізіп жатқан жоқпыз ба? Қатты айқайлағандарды халықтың жанашыры, ұлтжанды азамат деп бағалап, мәселенің мән-жайына бармай байбалам салуды ерлікке санайтын үрдіске айналдырғандардың өздерінің жағдайы кеше қандай еді, бүгін қандай? Осы ойға бір сәт көңіл бөлейікші. Биліктің жасаған қадамдарының арасында халыққа қарсы әрекеттер болып жатса, әрине, зиялы қауым сынға алуы тиіс. Өмір жылдан-жылға жақсарып, халыққа нақты пайда әкеліп жатса ше? Сонда да байбалам сала беру керек пе? Осыны салмақтау керек, ескеру керек.

Қазір халықтың санасы өсті, ой-өрісі орнықты, шетелдік өмірдің бәрі бірдей тәтті емес екенін ұғынды. Әр халықтың өз жолы бар екені, біздің де ортақ үйіміз – Отанымыз бар екені, оның босағасы берік, керегесі кең болуы үшін бірлік, еңбек, жаңашылдық керек екені жайлы ұғым жиі айтылатын болды. Бұл ұлт болып ұйысудың жақсы нышаны. Өкінішке қарай ашық қоғам құрамыз деген ұғымды басқаша ұғынып жүрген қандастарымыз да жетерлік. Бәрін билікке жауып кереғар пікір айтып, «халықшылмыз» деген арзан ұғыммен данғазалану басым.

Биліктің өзін адамдар құрайды емес пе? Ол адамдар – халықтың бөлігі, демек билік аспаннан келген жоқ. Ол да халықтың өкілі. Қазіргі кезде ең сорақысы биліктің атқарған жақсы жақтарын, олардың онды істерін айтқандарды дәрменсіз, жәутеңкөз дейтін болдық. Оларды билікпен тіл табысып, шокпарын соққан жағымпаздыққа, екіжүзділікке теңеп сынайтынды шығардық. Ал енді осыдан кейін бүгінгі жас ұрпақты ұлттық санада тәрбиелей аламыз ба, ой-санамызды түзеуге бастай аламыз ба?

Билік басында да мемлекетшіл, ұлтжанды азаматтар бар екенін, олардың да игілікті істерін бұрмаламай неге айтпасқа?! Кереметпіз деп мақтанбайық, алайда мемлекеттің бекемдігі – халықтың бірлігі, қазақтың тұтастығында екенін анық білетін жастамыз. Әрине, оппозиция болсын. Оларды да қолдайтын жерінде халық қолдамаса билік пен халық арасындағы шынайы түсіністік болмайды. Басқаның бәрі алдамшы, халық деген – өзіміз, өзіміз өзгермесек, өмір де өзгермейді. Ойланайық бауырлар, ойланатын кез келді.

- Сіз мамандығыңыз бойынша тарихшысыз, музыкант-сазгерсіз. Елінің, жерінің тарихын білмеген, оны мақтан тұтпаған адамның бойынан ұлтына, Отанға, туған жерге деген патриоттық сезім кемшін болмай ма? Ал халық ән-күйлері – ұлттың рухы, болмысы. Қазіргі күні осы аса қажетті құндылықтарымыз әдейі бұрмаланып, тарихымыз Ресейдің көзқарасымен, ұлттық музыкамыз Батыстың эстрадалық даңғазасымен ілесіп, өз жолынан айырылып бара жатқан жоқ па?

– Біздің тарихымыз әлемді аузына қаратқан АҚШ, Ресей, Қытай, Үнділердің тарихынан да арыда, әрі терең, әрі мағыналы-мазмұнды. Небір сұрапылзобалаңды бастан кешкен тағдырлы халықтың аласапыранды кезеңінде жазба-тарихынан көз жазып қалғаны рас. Бізге жеткені әр елдердің біз жайлы амалсыз айтқан жазбаларында сақталған. Шығыс ғұламаларының, Ресей, Қытай жылнамашыларының еңбектерінде көрініс тапқан. Сонау Тоныкөк, Күлтегін жазбаларынан бастап олар қазір жүйеленіп жатыр. Дәл бүгін сақадай-сай дайын тұр деп айта алмаймыз. Жаңағы сіз айтқан көрші елдердің ой-пиғылдарымен қасақана өрескел бұрмаланғаны да рас. Ол шын тарихшы-ғалымдарымыздың арқасында қазір жанжақты саралану үстінде. Уақытпен бәрі орнына келер. Тарихпен шын тарихшы айналысуы керек. Қазір бізде журналист те, жазушы да ұстаз да, тіпті, зейнетке шыққан шенеунік те тарихпен айналысып кетті. Бір жағынан оларды да кінәлай алмайсың. Өйткені, тарих қызықты тақырып. Оған кез келген адамның қызығуы мүмкін. Сол қызығу оларды өзінше ізденіске, зерттеулер жасауға бастап кетеді. Негіздеп, жүйелеп оқыған шын тарихшы болмаған соң олардың үзіп-жұлып әр-әр жерден алғандары ғылыми негіздегі дәлелді тарих бола алмайды. Сөйтіп олар өздері де шатасады, жұртты да адастырады. Елімізді айтпай-ақ, бір ғана біздің Тараз тарихы ше? Соңғы жылдары ғана бізге мағлұм болып отырған, арысы Үнді, берісі Иран, Парсы, Араб әлемі, т.б. дүниеге тараған, сонда жүріп ілімнің шыңына жеткен 70-тен астам Таразилердің еңбектері ше? Белгілі арабтанушы ғалым Әбсаттар қажы Дербісәлінің еңбегінің арқасында бізге әлі-әзір ол ғұламалардың есімдері, қандай іліммен шұғылданғаны ғана жетіп тұр. Ал олардың негізгі еңбектері жоғарыда, біз аттарын атаған мемлекеттердің архивтерінде, кітапханаларында жатыр.

Біздің ел жайлы тарих, Тараз тарихы солардың ішінде деп ойлаймын. Міне, ендігі жұмыс соларды зерттеу. Демек, біз мақтанатын, түбіміз тереңде жатқан ғажайып халықпыз деп патриоттық сезімдеріміз асқақтайтын кез алда.

Өзің ойлашы, қай елден, қай өңірден осындай 70-тен астам ғұлама шығыпты. Ал олар Таразилер болса, тараздық жас ғалымдарға бұлар үлгі болмай ма? Міне, бұдан артық қандай рух биіктігі керек, қандай патриотизм керек.

Ал ән-күйге келер болсақ, ол ұлтымыздың болмысы. Керек десеңіз тарихы, әр кезеңдегі көңіл-күйі, сол уақыттың саяси-мәдени жағдайы. Мәселен «Атты емеспіз, жаяумыз, жаяудан да баяумыз, осыншама күн жүріп, Омбы жаққа таяумыз», – деп шырқалатын авторы белгісіз мұңлы ән бар. Соның ішінде тағы: «Он алтыншы жыл еді»... деп бір қайырып қоятыны бар. Міне – тарих. Тіпті бір кезеңнің суреті.

Ал қазіргі эстрада әншілері жайлы айтсақ. Иә, эстрада – жанр. Ол керек. Кез келген елде, мемлекетте ол бар. Бәлкім, ол да сол нақты өз уақытының көрінісі шығар. Алайда шет елге әсіре еліктеп, ұлттық үнбаяуымызды былғау – ұрпақ талғамына қиянат. Менің ойымша, өз эстрадамызды, қазақтың ұлттық эстрадасын жасап, қалыптастыруымыз керек. Өзге ұлттар (өзбек, әзірбайжан) осылай жасады. Эстрадада өз үнін, өз даусын мойындатты.

Біз де түбі сондайға келеміз. Оның басы басталды да. Ол – Димаш. Қазақты бүкіл әлемге танытты. Рас, Димаш – феномен. ХХІ ғасырдың эстрада жанрына бетбұрыс әкелген дара құбылыс. Даусы музыка тілімен айтсақ – тенор – альтина. Мұндай дауыс бәлкім, жаратылыстан мыңнан біреуге ғана берілетін шығар. Димаш сол ерекше даусын қазақтың ұшы-қиырсыз кең даласындай шырқап салатын биік ноталы әндеріне әдемі пайдалана білді. Сонысымен қазақ әндерінің кереметтігін дүниеге паш етті. Әрине, мен бүкіл эстрада әншілеріне бәрін бүгіннен бастап осы Димаштың үлгісінде ән сал деп отырғаным жоқ. Олай болуы мүмкін де емес. Алайда бұл, әр әншіміз эстрададағы өз ұлттық нақышын тапса, сол арқылы әндерімізді өзгелерге танытса деген ниет ғана.

Ал біздің бүгінгі эстрададағы той әндеріне түсіністікпен қараймын. Өйткені ол да жаңа жоғарыда айтқанымдай, бүгінгі өзіміздің тұрмыстіршілігіміздің келбеті, сұранысы. Демек, бұл да ұзаққа бармайды, тарихқа айналады. Ертең-ақ, халық тойды даңғазалыққа айналдырмай, ұлттық салтдәстүрімізге негіздеп басқаша өткізетін болса, бұл да өзгереді. Сондықтан әншілерді кінәлай бермей, өзіміздің той жайлы түсінік-танымымызды өзіміз түзеуіміз керек. Той өткізуді ұлттық салт-дәстүрімізбен нақыштай отырып, бүгінгі заман танымына, талабына сәйкестендіріп, оның жаңа үлгісін, бүгінгі тілмен айтсақ, форматын ойлап табуымыз керек.

«Сөз түзелді, оқырман сен де түзел» демекші, содан соң эстрада әншілеріне де «біз түзелдік, ал енді сен де түзел» деп айтсақ, өтімді әрі жарасымды болмақ.

– Жан-жақты толғаған толымды әңгімеңіз үшін рахмет!

Сұхбаттасқан Ерман ӘБДИЕВ